

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ  
ҚР БҒМ ҒК А.Х. МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ

АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ  
УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ, АРХИВОВ И ДОКУМЕНТАЦИИ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ  
ИНСТИТУТ АРХЕОЛОГИИ им. А.Х. МАРГУЛАНА КН МОН РК  
АКТЮБИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКИЙ МУЗЕЙ

**«ҚАДЫРБАЕВ ОҚУЛАРЫ - 2020»**

**VI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

(2020 жылғы 27-28 қараша)

**МАТЕРИАЛЫ**

**VI МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ**

**«КАДЫРБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ – 2020»**

(27-28 ноября 2020 года)

Кастанье И. А. 1911. Надгробные сооружения Киргизских степей. Оренбург. 1911. стр. 180.;

Медоев А. Г. 1981. Каменная скульптура Казахстана // Советский Казахстан сегодня. 1981. № 7/8. стр. 22–24.;

Мендикулов М.М. 1987. Памятники народного зодчества Западного Казахстана. А.-А. 1987. Издательство: Онер. стр. 160.;

Молеева Н. В. 1977. Группа антропоморфных надгробий из некрополя Миркикия. // «Античный мир и археология». Вып. 3. Саратов, 1977. стр. 106-115.

Хаджиева М. Х., Аджиева Л. А. 2019. Антропоморфные каменные изваяния и их роль в формировании надмогильных памятников Карачаево-Балкарского народа (Сын-Таш). // Манускрипт. Тамбов: Грамота, 2019. Том 12. Выпуск 11. С. 107-112.

## ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЖҮЙЕСІНДЕГІ САЛ-СЕРІЛІК МЕКТЕБІ

Р.Ж Каженова.

Әрбір халықтың өзінің салт-дәстүрі, тұрмыс-салты, мәдениеті оның ерекшеліктері болатындығындай, қазақ халқының мәдениетінің, тарихының, тұрмыс-салтының да өзіне тән ерекшеліктері бар. Осындай ерекшелікті көрсететін қазақтың дәстүрлі музыкасының тарихы Еуразия даласын мекендеген сонау сақ-үйсін кезеңінен бастау алып кейінгі түркі, қаңлы, қыпшақ кезеңіндегі мәдениетпен астасып бүгінгі күнге дейін жетті. Көшпелі тайпалардың күнделікті тұрмыс-тіршілігі, күнкөрісі табиғаттың заңдылығы мен музыкадан тұрады. Ұшы-қиыры жоқ кең далада малын жайғап, қолына домбырасын шертіп жатқан әрбір қазақтың ән-жыр дегенде жан-дүниесі бөлек еді. Осындай табиғи үдерістерден сұрыпталған қазақ ән-жыр өнерінің ұрпақтан ұрпаққа жалғасуына сал-серілер, жыршылар, күйшілер, жыраулар үлкен үлес қосты. Соның ішінде тек өнерімен емес, болмыс-бітімімен, күнделікті жүріс-тұрысымен дараланып тұратын сал-серілердің орны айрықша еді. Аталмыш атаққа ие болған жандар халықтың ішінде жеке әлеуметтік топ өкілдері ретінде аса құрметке ие болды. Бір басына бірнеше өнердің қасиетін жинақтаған аталмыш тарихи тұлғалар жөнінде елімізде біршама зерттеу еңбектері де жазылды.

Қазақ қоғамында үлкен мәртебеге ие «сал-сері» атанған жандар ақын-жыраулардың өнегесін, оның озық қасиеттерін жалғастырушы һәм өзінің өнерімен де қадір қасиетімен де ерекшеленетін ерекше топ иелері болып табылады. Көшпелі тұрмыстың сәні болған сал-серілік ұғымы ұмытылып, халық жадында «Ақан сері», «Сегіз сері», «Біржан сал», «Дәурен сал» сынды талантты өнерпаздардың есімімен ғана сақталып қалған. Байырғы кезде сал-

серілік жеке өнерпаздардың ғана өмірлік мұраты емес, көшпелі қазақ қоғамында әлеуметтік, мәдени, этникалық және эстетикалық құбылыс болды.

Сал – ерте кезде ел ішіндегі аса бай, дәулетті ортадан шыққан әнші, ақын, өнерпаз жігіт-желең. Бірнеше өнерпаз адамдар топ болып ел аралайтын. Сал ешкімге ұқсамайтын, елде жоқ ерекше киімімен, жай адамға «оғаш», «өрескел» көрінетін қылығы, іс-әрекетімен, мінген атына дейін ер-тұрманымен қалайда сұлулардың көзіне түсу, өзіне қаратып таңқалдыратындай етіп көрсетуді мақсат еткен. Мұның бәрі жасанды емес, жарасымды түрде жасалған болған.

Сері – эстетикалық талғамы айрықша, сұлулыққа аса тәнті, әрі паң, әрі кербез, дәулетті ортадан шыққан өнерпаз жандардың ерекше түрі. Бұл жағынан сері салдарға ұқсас. Серілер де сақилық, білімдарлық қасиеттерімен ел-жұрттың көзіне түскен. Сонымен бірге жүйрік ат, құмай тазы, алғыр қыран серілердің серігі болған. Серілер ит жүгіртіп құс салған, әрине, жоқшылықтан емес аңшылық, саятшылықты қызықтап өнер көргендіктен. Осындай ұқсастықтарына қарап, салдар мен серілерді былайғы жұрт сал-серілер деп «топтастырып» атаған. Ақан Қорамсаұлы ескіше оқыған, өз заманында сауаты жоғары білімдар тұлға болған. Байқауымызша, әуелде өнерпаз, сері атанған, келе-келе серілігі салдықпен ұштасқан. Салдар сияқты 15-20 жігіт-желеңді өнерге баулып, Арқа өңіріндегі ойын-тойдың көркіне айналған.

Ең алғаш қазақ сал-серілері туралы А.А. Диваев 1916 жылы «Туркестанские ведомости» газетінде «Киргизский сал» атты мақаласын жарияланды (Диваев, 1916). Автор қазақ қоғамындағы салдардың рөліне баға бере отырып, салдардың елдің еркесі екендігі, бір ауылға келгенде өздігінен ауылға кірмей, жерде жатып алатындығы туралы жазады. Қыздар келіп, көтеріп алмаса, бірнеше сағаттап жата береді. Оның бұл түрі кейде күлкі тудыратын еді. Барлық жиған тергенін соңынан көңілін тапқан қыздарға сыйлап, кетеді екен деген таным бүгінгі күнде даусыз қалыптасқан. Серілердің жүріс-тұрыс, өзін ұстауындағы жинақылық бар (Диваев, 1916, с. 5).

Әдетте, халық өнерді өмір серік еткен еркелеріне осы атты беруде ешуақытта жаза баспаған, шатастырмай қолданған, бұл олардың тек өнеріне ғана емес, іс-әрекет, мінез-құлқына лайықталып тағылған атау болған. «Сал» мен «серінің» айырмашылықтарын тап басып ажырату үшін этнографиялық айғақтарды көлденең тарту керек.

Сал жігіт-желеңмен ауылға таянғанда аттан құлайды. Қашан ауыл қыздары келіп, көтеріп үйге алып кіргенше, өлген адамдай тырп етпей жата береді. Алдынан шыққан қыздар көтеріп келген кезде балағынан, қалтасынан, қойнынан тақ-тақ дүрия шай, теңгелер төгіліп жүреді. Оны жинап алысқан қыз-жігіттер мәз болысады. Салдардың елден ерек өзгешелігі олардың көзге ұрып тұрарлық айрықша киім үлгісінде болған. Ә. Диваев оны былай сипаттап жазады: «Салдың үстіне киген киімі халық кимеген түрден болады. Егер ол киген киімді халық кесе ол оны кимей, кара құрым киізден киім қылып киеді екен» (Диваев, 1916, с. 4).

Қазақ музыкасын жинақтап, қағаға түсірген А. Затаевичтің «1000 песен казахского народа» атты еңбегінде тек қана әннің текстін, не әуенін ғана жазып

алуды қанағат етпеген (Затаевич, 1963). Автор қазақтың музыкалық әуен өнеріне қаншалықты қызмет жасаса, сөз, тіл өнеріне де соншалықты мол еңбек еткен. Оның қағаз бетіне түсіріп, қаттап алған өлеңдерінің бәрінің де туу, таралу тарихы бар. Әр өлеңнің әр алуан нұсқасы болса, зерттеуші оны да құр жібермейді. Мұндай өлеңдерді бір-бірімен өзара салыстыра отырып, мазмұн, түр, әуен, ырғағындағы жаңалықтары қандай еді деген сауалға да жауап іздейді.

Профессор Е. Ысмаилов «Ақындар» атты еңбегінде сал-серілерде ақындық, музыкалық, драмалық өнердің қабысып, оның үстіне би, спорт өнерлерін де қолданғанын да дұрыс атап өткен (Ысмайылов, 1956). Сондай-ақ зерттеуші сал мен серінің айырмасы ақындық, әншілік, өнерпаздық дәстүр жағынан айтарлықтай өзгешелігі жоқ, тек сыртқы түрінде яғни жүріс-тұрысында, киіну, сыпайылық әдетінде деп көрсетеді. Ғалым Е.Исмайылов «сері» сөзінің бірнеше көне мағыналарына тоқталып, араб тіліндегі сир (сейір) – серуен, сайран салу; телеуіт, шор т.б. тілдерде – сарнау, өлең, ән айту, «Кодекс Куманикусте» «сері» - шері (Ысмайылов, 1956, 13 б.) сөзі мағынасында қолданылатынын жазады. Ол сал-серілерде ақындық, музыкалық, драмалық өнердің қабысып, оның үстіне би, спорт өнерлерін де қолданғанын да дұрыс атап өткен. Сондай-ақ зерттеуші сал мен серінің айырмасы ақындық, әншілік, өнерпаздық дәстүр жағынан айтарлықтай өзгешелігі жоқ, тек сыртқы түрінде яғни жүріс-тұрысында, киіну, сыпайылық әдетінде деп көрсетеді. «Серілердің салдарға қарағанда сыпайылығы, сәнділігі тұрақты. Олар онша оғаш ерсі бола бермейді, елден ерекше, қызыл-жасылды, жарқ-жүрқ етпе киінгенімен, жалпы елдің ортақ дәстүрлерін көп бұза бермейді» (Ысмайылов, 1956, 14 б.), деп жазады. Ал салдардың елден ерек әсіре әлем-жәлем, қызылды-жасылды киімдер киіп жүретіндігі ғалымдар тарапынан анықталған.

Ғалым Ә.Х. Марғұланның «Қазақтың сал-серілік дәстүрі» атты еңбегінде халықтың серілік дәстүрі, әрине, бірден пайда болмаған, бірақ қай уақытта қалыптаса бастағанын тап басып айту да қиын екендігін атап өтеді (Марғұлан, 2009). Серіліктің кейбір белгілерін Ә.Марғұлан көне түркілік дәуірден, оғыз дәуірінен іздестірген.

Академик, композитор Ахмет Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» атты ғылыми-зерттеу жұмысында сонау Біржан салдан бастап Ғарифолла, Әлиге дейінгі сабақтастықты үзбей қарастырады (Жұбанов, 2001). Автор өзінің монографиясында Біржан сал, Ақан сері, Мұхит, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай сынды сал-серілердің шығармашылығына, әндерінің шығу тарихын тоқталады. Сондай-ақ, сал-серілердің өмір белестерінен де тарихи деректер, аңыз-әңгімелер арқылы терең сыр тарқатады.

Сал категориясының шығуы мен бұл сөздің этимологиясын түсіндіретін елеулі еңбектердің бірі ретінде Едіге Дәріғұлұлы Тұрсыновтың «Возникновение баксы, акынов, сэри и жырау» атты монографиясын атауға болады (Турсунов, 1999). Ол ғұрыптар мен әскери іс-шараларды жүзеге асыратын, дәулеті жеткілікті адамдардан құралған ежелгі дәуірде өмір сүрген құпия одақтардағы ареойлар мен қазақ салдарының типтік ерекшеліктерін тапқан. Е.Тұрсынов түркі тілінде «әскер», «қол» деген мағынасын білдіретін

«черик» сөзімен түбірлес, «сері» сөзінің түпкі мазмұны «жасақ құрамындағы жауынгер», «жасақшы», «жорықтағы серік» (Турсунов, 1999, с. 74) деген болжам жасайды. Ол ғұрыптар мен әскери іс-шараларды жүзеге асыратын, дәулеті жеткілікті адамдардан құралған ежелгі дәуірде өмір сүрген құпия одақтардағы ареойлар мен қазақ салдарының типтік ерекшеліктерін тапқан. Атап айтқанда, ареойлар өз қоғамында басқаларға рұқсат етілмеген ерекше киім киюге рұқсат етілген. Басқа адамдарға, тіпті ру, тайпа басшыларына да жеуге болмайтын тамақты да ареойлар жеген. Ареойлар қоғамдағы тәртіпке бағынбай, өзінше өмір сүрген. Қазақтың салдары, атап айтқанда, Біржанның да, Ешнияздың да, Құтпанбай салдың да киімдері тосын әсер қалдыруға орайластырылған. Құтпанбай сал күзеннің терісін сыртына қаратып, тон киген. Салдар елден ерекше әрекеттер істегенді ұнататын. Е.Тұрсынов ареойлар мен қазақтағы салдар типінің алты ерекшелігін саралай келіп, сал типі ежелгі дәуірлерде, таптық қоғамда пайда бола бастаған кезде шыққанын дәлелдеп, салдық күнкөріс қамымен жасамаған, ойынға салыну, өнерге салыну деген мағына береді деген тұжырым жасаған (Турсунов, 1999, с. 76).

Зерттеуші О. Әбділдаұлының «Сал-серілер сабағы» атты топтамалық құралында ұлтымыздың бұрынғы-соңғы өнер санлақтары болып табылатын сал-серілердің беймәлім қырларын ашуға ұмтылады (Әбділдаұлы, 2003). Жинақ сөз серті, өлең өрті, өнер дерті хақында сыр тоғытып, ой қаузады, ән-әуез сиқырын зерделейді, біртуар сал-серілердің жан-дүниесіне үңіліп, музыка әлеміне сапар шектіреді.

Әдебиеттанушы ғалым Х.Сүйіншәлиев өзінің «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты еңбегінде Біржан сал Қожағұлұлы мен Ақан сері Қорамұлына да арнайы тақырып арнайды (Сүйіншәлиев, 2006). Автор олардың шығармашылығына әдебиеттанушылық тұрғысынан жан-жақты талдау жасайды. Біржан туралы: «Біржан – ақын, лирик. Бірақ оның сөз кестесіне толы төгілген лирикаларын жаныңды жадырататын жайдары асқақ үнді әндерінен бөлін қарау мүмкін емес» (Сүйіншәлиев, 2006, 702 б.), – десе, ал «Ақан сері – лирик, әнші, ақын. Ақын қалдырған мұраның бәрі – түгел дерлік, жүрек отының жалынындай, терең толғаныстардың туындылары, адамның сезім сырнайын тарта білген сыршыл да шыншыл поэзия, әрбір сөзі жүректі елжіретер, жаныңды жадыратар жастық лебіне суарылған нұрлы. Оның поэзиясы елжіреп-егілген күйініштің қайғы-зары емес, жаны жаралы жастық қайсарлық пен қайратқа толы ащы үнін естіртер өрелі де өткір» (Сүйіншәлиев, 2006, 742 б.), – деп Ақан сері шығармашылығына баға береді.

Байырғы көшпелі тұрмыста сал-серілердің өнерпаздардан топ құрып, ауыл-ауылды аралап тамаша, қызық көрсетуі қазіргі таңдағы театрдың, ансамбльдің, цирктің орнына жүрген. Өйткені олардың құрамында әнші, күйші, ақын, сайқымазақ, балуан, мерген тәрізді неше түрлі өнерпаздар болған. Олар халықтың рухани сұранысын өтеуге қызмет еткен. Қазақтың ауқатты отбасынан шыққан жігіттері мен қыздарының салдық құру дәстүрі байырғы қазақ қоғамы үшін әлеуметтік, этикалық және эстетикалық мәні бар құбылыс болып саналады және оның гендерлік сипатын аңғартады.

**Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер:**

1. Әбділдаұлы О. Сал-серілер сабағы. Эсселер, зерттеулер, толғаулар. Көмекші құрал. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2003. – 232 б.
2. Диваев А.А. Киргизский сал // Туркестанские ведомости. – 1916. – № 222;
3. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары: өнд. Толық. 2-бас. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 440 б.
4. Затаевич А.В. 1000 песен казахского народа. Издание второе. – М.: Государственное музыкальное издательство, 1963.
5. Марғұлан Ә.Х. Қазақтың сал-серілік дәстүрі // Қазақ. – №8-9. – 2009.
6. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. – Алматы: Санат, 2006. – 904 б.
7. Турсунов Е.Д. Возникновение баксы, акынов, сэри и жырау. – Астана, 1999.
8. Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы: Казмемкөркемәдеббас, 1956.

**XIX Ғ.АЯҒЫ-XX Ғ.БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АГРАРЛЫҚ  
ҚАТЫНАСТАР МӘСЕЛЕСІ 1920-1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТАРИХИ  
ӘДЕБИЕТТЕ.**

А. Ж. Қалыбаева

Төңкерістен кейінгі уақытта патша өкіметінің өлкедегі аграрлық саладағы отарлау саясатына қатысты Т. Рысқұловтың, С. Афендияровтың, Ғ. Тоғжановтың, Т. Шонанұлының, К. Кемеңгерұлының, С.П. Швецовтың және Н. Төрешұловтардың құнды еңбектері жазылып, жарық көрді. Ұлт зиялыларының еңбектерінде кеңес билігі тұсында патша өкіметінің қоныстандыру, аграрлық саясатының шынайы бет-бейнесі көрсетілді. Еңбектерде патша өкіметінің қоныстандыру, отаршыл жер саясаты нәтижесінде орасан зор қасіретке ұшыраған қазақ халқы мен оның шаруашылығының жай-күйі кеңінен көрсетіледі.

Т. Рысқұлов Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы қоныстанушылардың қанша жерді иеленгендігі, қазақтардан қанша жер тартып алғандығы туралы мәліметтер келтіреді. «Оңтүстік Қазақстанда және Қырғызстанда егіншілікке қолайлы, суармалы жердің барлығын иеленетіндер экономикалық жағынан күшті және үстем. 1916 жылға қарай мұнда орыс қоныстанушы шаруалары суармалы жердің басым бөлігін алып, халықтың үстем бөлігіне айналды,-дей келе, мұны мынадай цифрлармен былайша дәлелдейді,-Жетісу губерниясында (ескі шекара бойынша) 1916 жылға қарай 600 поселка болды, ал олардың иелігіндегі өңделетін жерлер-1 200 000